

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Жамбыл облысы Қордай аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 16 қарашадағы № 365 қаулысы. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 22 қарашада № 3591 болып тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Қордай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес "Aurum Deutschland ("Аурум Дойчланд")" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Жамбыл облысында орналасқан Қаратас-Майбұлақ іздестіру алаңында пайдалы қазбалар қорын анықтау бойынша іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2021 жылдың 19 маусымына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Aurum Deutschland ("Аурум Дойчланд")" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жер пайдаланушыларына қауымдық сервитут белгілеуден келтірілген шығынды толық көлемде өтеуді қамтамасыз етсін және пайдалы қазбалар қорын анықтау бойынша іздестіру жұмыстары аяқталғаннан кейін бүлінген жерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізсін.

3. "Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулының мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының Жамбыл облысы Қордай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;
- 4) осы қаулыдан туындайтын басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Есполовқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Байтөле

Қордай ауданы әкімдігінің

"Aurum Deutschland ("Аурум Дойчланд")" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Жамбыл облысында орналасқан Қаратас-Майбұлақ іздестіру алаңында пайдалы қазбалар қорын анықтау бойынша іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2021 жылдың 19 маусымына дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгілеуге берілген жерлер экспликациясы

№	Ж е р учаскесінің орналасқан жері	Қауымдық сервитут белгіленген жерлер, гектар	А у ы л шаруашылық алқаптары (гектар)	Оның ішінде					Бөгде жер (гектар)									
				барлығы (гектар)	оның ішінде егістік (гектар)	к ө п жылдық екпелер (гектар)	шабындық (гектар)	жайылым (гектар)		1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Қарасу ауылдық округі	16645,19	16645,19	2201,52	-	-	348,28	14086,98	8,4									
2	Қордай ауылдық округі	4587,94	4587,94	1555,9	-	-	444,01	2464,9845	123,0455									
3	Ноғайбай ауылдық округі	3268,03	3268,03	579,03	-	-	-	2686,11	2,89									
	Барлығы:	24501,16	24501,16	4366,45	-		792,29	19238,0845	134,3355									